

ҚАЗЫҒҰРТ



ТЫНЫСЫ

Қоғамдық-саяси апталық

Газет 1935-жылдан шыға бастады

Эл. почта: Kazigurt_tinisi@mail.ru

№42 (8313) 17-қазан, 2025-жыл

Ақорда

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ АГЕНТТІКТІҢ (WADA) ПРЕЗИДЕНТІ ВИТОЛЬД БАНЬКАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік спорттағы допинг проблемасымен күресетін жаһандық институт ретінде негізгі рөл атқаратынына назар аударды. Сондай-ақ Витольд Баньканың Астанаға сапары Қазақстан мен WADA арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуде маңызды қадам саналатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүйелі түрде тәртіп бұзушылармен күресу және таза спорттың бірыңғай стандарттарын қолдау мәселесіндегі агенттіктің берік ұстанымына жоғары баға берді. Бұл спортшыларға ғана емес, әлемдегі миллиондаған жанкүйер үшін де өте өзекті.

Бүгінде Қазақстанның Туризм және спорт министрлігі жанынан допингке қарсы сынамалар зертханасы жұмыс істейді. Бұл – Орталық Азиядағы осы тектес жалғыз мекеме. Зертхана базасында Өңірлік допингке қарсы ұйым

қызмет етеді. Оның құрамына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Пәкістан, Моңғолия және Ауғанстан секілді елдер кіреді.

WADA президенті Қазақстанның агенттік бастамаларын қолдағаны үшін ризашылығын білдіріп, еліміздің спорт құрылымдарымен ықпалдастық деңгейі жоғары екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Витольд Банька ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жалғастыру, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің жауапты әрі сенімді серіктесі ретіндегі Қазақстанның мәртебесін одан әрі нығайту ниетін растады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (WADA) президенті Витольд Баньканы Қазақстан спортының дамытуға қосқан үлесі үшін II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

«АУЫЛДАҒЫ БІР КҮНІМ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ РЕАЛИТИ-ШОУ САЙЫСЫ ӨТТІ



Қазығұрт ауданы әкімдігінің қолдауымен және аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жастар арасында ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді насихаттау, ұлттық ойындар арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту мақсатында «Ауылдағы бір күнім» атты облыстық реалисти-шоу сайысы өтті.

Шараға аудан әкімі Азизхан Исмаилов арнайы қатысып, қатысушы командаларға сәттілік тілеп, ауыл өмірінің тәрбиелік мәніне тоқталды.

— «Біз әдетте «Ауыл — тәрбие бесігі» дейміз. Расында да, ауыл — қазақтың алтын тамыры, дәстүр мен құндылықтың қайнар көзі. «Ауылдағы бір күнім» сайысы арқылы жастарымызға сол рухты сезіндіруді, ата-бабамыздан қалған ұлттық мұраны дәріптеуді мақсат еттік. Бұл шараның мәні — ауыл өмірінің шынайы болмысын көрсету, ұлттық ойындарымызды кеңінен насихаттау және жастардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру», — деді аудан басшысы.

Бүгінде елімізде жастарға жан-жақты қолдау көрсетіліп, олардың бастамаларына жол ашылып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жастар — ел болашағының кепілі» деген сөзі осының айғағы. Шынында да, ел ертеңі — білімді, еңбекқор, отаншыл жастардың қолында.

Сайысқа ауданға қарасты 13 ауылдық округтен келген жас қатысушылар бірнеше командаға бөлініп, өзара бақ сынасты. Ереже бойынша ер жігіттер садақ ату, асық ату, қазақ күресі, мас-рестлинг (таяқ тартыс), алыптар сайысы және арқан тарту сынды ұлттық ойын түрлерінен күш сынасты. Ал қыз-келіншектер қауымы арасында табаға нан жабу, қамыр жаю, кеспе кесу, талқаннан жент жасау және ұлттық тағам түрлерін әзірлеу бойынша сайыстар өтті.

Жарыс барысында қатысушылар ауыл өмірінің сәні мен салтын көрсетіп, өз өнері мен шеберліктерін паш етті. Көрермендер қазақтың ұлттық ойындары мен тағам дәстүрлеріне қанығып, ауыл тіршілігінің әсем бір көрінісін тамашалады. Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған командалар арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бірінші орын - Тұрбат ауылы округі

Екінші орын - Қарабау ауылы округі

Үшінші орын - Қазығұрт ауылы округі

Ұлттық құндылықты ұлықтап, ел рухын асқақтатқан жеңімпаздар мен қатысушыларды шын жүректен құттықтаймыз!

Қазығұрт ауданы
әкімдігінің баспасөз қызметі

Аймақ


ТҮРКІСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ ҚЫТАЙДАҒЫ КАНТОН ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ ҚАТЫСЫП ЖАТЫР

Қытайдағы Гуанчжоу халықаралық конгресс-көрме орталығында 138-ші Кантон жәрмеңкесі басталды. Көрме залы 1,55 млн шаршы метрлік алаңда орналасып, мұнда жалпы саны 25 мың экспонент өз өнімін таныстырады.

Халықаралық жәрмеңкеге облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков бастаған Түркістандық делегация да қатысып, ондағы инновациялық өнімдермен танысуда.

Технология жаңалықтары, цифрлық жүйе, қайта өңдеу саласындағы жетістіктер ұсынылатын алып жәрмеңке жаһандық сатып алушыларға 4-қарашаға дейін қызмет көрсетеді. Кантон жәрмеңкесі әлемнің 200-ден астам елінен келетін сатып алушылар мен сатушылар үшін тиімді бизнес алаңы болып табылады. Мұнда мыңдаған қытайлық және халықаралық компаниялар өз өнімдерін ұсынып, жаңа серіктестермен байланыс орнатады.

Сауда көрмесі халықаралық нарыққа шығуды көздейтін кәсіпкерлер үшін үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаһандық іскерлік байланыстар мен инновациялық өнімдердің тоғысатын орнына айналған,



- дейді ұйымдастырушылар.

Кантон импорт және экспорт жәрмеңкесі Қытайдағы ең үлкен сауда түрі болып, аталған жүйе 1957 жылдан бері жалғасып келеді. Бұл шамамен 200 ел мен аймақтан 200 000-нан астам шетелдік сатып алушыларды тарта-тын жаһандық сауда үшін маңызды оқиға.

Түркістан облысы
әкімдігінің баспасөз қызметі